



Қазақстан Республикасының Жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 13 қарашадағы N 1520

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Аталған комиссияға қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады деп белгілесін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 13 қарашадағы
N 1520 қаулысымен
Бекітілген

Ереже

Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы

1. Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (әрі қарай - Комиссия) ведомстволық байланыстылығы мен меншік нысанына қарамастан, барлық занды тұлғалардың, соның ішінде Қазақстан астанасын көшірге және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамытуға қатысатын шетелдіктердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Комиссия тікелей Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне бағынады.

Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының астанасын Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшірудің мәселелерін мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ету;

аумактарда құрылыш салуды мемлекеттік реттеуге осы заманғы көзқараспен қарауды ескере отырып, Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын кешенді дамыту жөніндегі қызметті үйлестіру және ұйымдастыру болып табылады.

4. Негізгі міндеттерге қарай Комиссия мүдделі министрліктер мен ведомстволарды тарта отырып, мынадай функцияларды жүзеге асырады:

астананы көшіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың, Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамытуға бағытталған және басқа да қажетті бағдарламаларды әзірлеуді ұйымдастырады, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады; <*>

Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру процестеріне басшылық жасауды қамтамасыз етеді;

Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағында қала салуды реттейтін құжаттарды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті, сондай-ақ жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыруға арналған объектілерді, жаңа астананың іскерлік, өнеркәсіптік, инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін жобалау, құрылышын салу және қайта жаңарту процесін, осы жұмыстарды конкурстық негізде ұйымдастыруды және оларды қаржыландыру мәселелерін шешуді үйлестіреді;

астананы көшіруге және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын одан әрі дамытуға қатысты мәселелер жөніндегі заңдардың және басқа нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындауды ұйымдастырады;

бюджеттен тыс "Жаңа астана" қорынан қаражат бөлуді келіседі;

Комиссияның құзырына жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі талап етілетін ұсыныстар енгізеді;

жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіруге қатысты объектілер бойынша Ақмола қаласының аумағында мыналарды ұйымдастырады: <*>

жобалау-іздестіру жұмыстарына сараптама жүргізу; <*>

құрылыш-монтаж жұмыстарының сапасына, құрылыш материалдарының, өнімдері мен конструкцияларының өндірісіне бақылау жасау; <*>

жобалау-іздестіру, сараптама, құрылыш-монтаж жұмыстарын және құрылыш материалдарын, өнімдері мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстарды

лицензиялау. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.02.14.

N 214 қаулысымен. P970214_

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1997.03.28. N 434
қаулысымен. P970434_

5. Жүктелген міндettі орындау мен функцияларын жүзеге асыру үшін Комиссия:

Қазақстан Республикасының астананы көшіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың, Ақмола қаласы мен оның ықпал ету аймағын дамытуға бағытталған және басқа қажетті бағдарламаларды өзірлеу мен жүзеге асыру үшін министрліктерді, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарды, сондай-ақ жергілікті атқару органдарын тартады; <*>

Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамытуға байланысты мәселелерді шешу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті атқару органдарының жұмысына қатысады.

Аталған органдардың осы мәселелер бойынша барлық шешімдері қабылданғанға дейін, Комиссиямен келісуі тиіс;

Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағының құрылышын салу кезінде осы процеске қатысушылардың барлығы үшін орындауға міндettі нормалар мен ережелерді белгілейді;

Комиссияның қызметіне байланысты сан алуан жұмыстардың түрлерін орындау үшін уақытша шығармашылық ұжымдарды құрайды;

Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамыту проблемаларын пысықтау үшін мамандарды, ғалымдарды, сарапшыларды, соның ішінде шет елдерден де шарттық негізде тартады;

Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағы аумағында объектілерді жобалау және салу құқығына халықаралық және өзге де конструктор өткізуді ұйымдастырады;

Комиссия жүктелген міндettter мен қызметтерден туындастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.02.14.

N 214 қаулысымен. P970214_

6. Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру, жаңа астана мен оның ықпал аймағын дамыту мәселелері бойынша қабылданған Комиссияның актілері Қазақстанның астанасын көшіру және Ақмола қаласы мен оның ықпал аймағын дамытуға қатысушы барлық занды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндettі.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары, ұйымдары Комиссияның өкілеттіктерінің жүзеге асырылуында қолдау және көмек

көрсетуге, Комиссия мен оның аппаратына қажетті мәліметтер мен материалдарды беруге міндетті.

8. Комиссия өзінің жұмысын оның Төрағасы бекіткен жоспарларға сәйкес іске асырады және өзінің мәжілістерін тоқсан сайын кемінде бір рет өткізді.

Мәжілістер аралығындағы кезеңде шешімдері оның Төрағасы немесе оның тапсыруымен Төрағаның басқа жұмыстардан босатылған бірінші орынбасары - Комиссия аппаратының жетекшісі, өкімдер мен тапсырмалар түрінде қабылдайды. <*>

Комиссияның шешімдері қаулылар мен хаттамалар түрінде ресімделеді.

Ескерту. 8-тармақта сөздер алмастырылған - ҚР Үкіметінің 1996.04.08.

N 400 қаулысымен. Р960400_

9. Комиссияның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аппараты бар.

Комиссия аппараты құрамының санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Комиссия аппараты жетекшісінің ұсынуы бойынша Комиссияның Төрағасы Комиссияның аппараты туралы Ережені, оның құрылымы мен штаттық кестесін белгіленген саны мен жалақы қоры шегінде бекітеді.

Комиссияның аппараты жетекшісінің бірінші орынбасары, орынбасары және бөлім менгерушілері лауазымдарына тағайындау комиссия төрағасымен келісілгеннен кейін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі. Комиссия аппаратының басқа жауапты қызметкерлерін лауазымдарға тағайындауды Комиссия төрағасы аппарат басшысының ұсынысы бойынша жүргізеді. <*>

Комиссияның аппаратына қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Комиссияның аппараты заңды тұлға болып табылады, оның атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған рәміздік мөрі, белгіленген үлгідегі мөртаңбасы, бланкілері, банк мекемелерінде есеп айырысу шоты бар.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.02.14.

N 214 қаулысымен.

10. Комиссияның аппаратына Комиссия Төрағасының басқа жұмыстардан босатылған бірінші орынбасары болып табылатын жетекшісі басшылық етеді және ол мәртебесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жетекшісінің бірінші орынбасарына теңестіріледі. <*>

Комиссия Аппараты жетекші орынбасарларының және басқа қызметкерлерінің лауазымдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты қызметкерлерінің тиісінше лауазымдарына теңестіріледі.

Ескерту. 10-тармақта сөздер алмастырылған - ҚР Үкіметінің 1996.04.08.

N 400 қаулысымен. Р960400_

11. Комиссияны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен

босататын Төраға басқарады.

Төрағаның Комиссия Төрағасының ұсынуы бойынша және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің келісуімен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындастын және босататын орынбасарлары болады.

Комиссия Төрағасы:

астананы Алматы қаласынан Ақмола қаласына көшіру жөніндегі жұмыстардың жүргізу жағдайы бойынша жауапкершілікте болады;

Комиссия қызметіне басшылық жасайды, орынбасарлар мен Комиссия мүшелері арасында міндеттерді бөледі, Комиссия қызметінің жекелеген бағыттарына басшылық жасағаны үшін олардың жауапкершіліктерінің деңгейін белгілейді; <*>

белгіленген тәртіппен жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіруге қатысты объектілер бойынша Ақмола қаласының аумағында жобалау-іздестіру жұмыстарына сараптама жүргізуді, құрылыш-монтаж жұмыстарының сапасына, құрылыш материалдарының, өнімдері мен конструкцияларының өндірісіне бақылауды және жобалау-іздестіру, сараптама, құрылыш-монтаж жұмыстарын және құрылыш материалдарын, өнімдері мен конструкцияларын өндіру жөніндегі жұмыстарды лицензиялауды жүзеге асыратын ұйымдар құрады, сондай-ақ бұл ұйымдарды қайта ұйымдастырады және таратады. <*> <*>

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.02.14.

N 214 қаулысымен. P970214_

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің

1997.03.28. N 434 қаулысымен. P970434_

ЕСКЕРТУ. 11-тармақтың 6 абзацы сөздермен толықтырылды -

ҚР Үкіметінің 1997.05.04. N 702 қаулысымен. P970702_